

## Банкаралық ақша аударымдары жүйесінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 201 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылды 7 қазанды № 14310 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 16) тармақшасына және "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.06.2024 № 33 (30.06.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

1. Қоса беріліп отырған Банкаралық ақша аударымдары жүйесінің жұмыс істеу қағидалары бекітілсін.

2. "Банкаралық ақша аударымдары жүйесінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту және "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен банктер, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасында корреспонденттік қатынастарды орнату қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 3 ақпандағы № 14 қаулысына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 259 Қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13078 тіркелген, 2016 жылғы 14 наурызда "Әділет" Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) 1-тармағының күші жойылды деп танылсын.

3. Төлем жүйелері департаменті (Ашықбеков Е.Т.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына:

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін күнтізбелік он күн ішінде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға;

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық

актілерінің мемлекеттік тізіліміне, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізуге жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары F. O. Пірматовқа жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлттық Банк  
Төрағасы

Д. Ақышев

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2016 жылғы 31 тамыздағы  
№ 201 қаулысымен  
бекітілген

## Банкаралық ақша аударымдары жүйесінің жұмыс істеу қағидалары

### 1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Банкаралық ақша аударымдары жүйесінің жұмыс істеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Ұлттық Банк туралы зан) 15-бабы екінші бөлігінің 16) тармақшасына, "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Төлемдер және төлем жүйелері туралы зан) 4-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді және операторы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк) болып табылатын банкаралық ақша аударымдары жүйесінің (бұдан әрі – жүйе) жұмыс істеу тәртібін айқындайды. Жүйенің операциялық орталығы "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық төлем корпорациясы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Орталық) болып табылады.

Банкаралық ақша аударымдары жүйесінің жұмыс істеу тәртібіне жүйеге қатысу талаптары, жүйенің жұмыс істеуінің құқықтық негізі, Ұлттық Банк пен Орталық жүйеде көрсететін қызметтер және пайдаланушының жүйемен өзара іс-әрекеті, ақпараттық қауіпсіздік рәсімдері, операциялық күннің ашылуы, операциялық күн ішінде жүйенің жұмыс істеуі, кезек, жүйедегі төлемдердің және (немесе) ақша аударымдарының аяқталуы (түпкіліктілігі), операциялық күн ішінде жүйеге ақша қабылдау және жүйеден ақша алу, жүйе арқылы траншекаралық төлемдерді және (

(немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру, операциялық күнді жабу, операциялық күн ішінде және соңында ақпараттық хабарлар беру және жүйедегі тәуекелдерді басқару жүйесі кіреді.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.11.2021 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.06.2024 № 33 (30.06.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен**

1-1. Қағидалардың банктерге қатысты қолданылатын талаптары Қазақстан Республикасының бейрезидент банктерінің Қазақстан Республикасының аумағында құрылған филиалдарына қолданылады.

**Ескерту. Қағидалар 1-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.11.2020 № 139 (16.12.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2. Жүйе оның қатысуышылары (пайдаланушылары) арасында төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын, оның ішінде Қазақстан Республикасы бағалы қағаздар нарығына және (немесе) Қазақстан Республикасының валюта нарығына қатысуышыларының ақша міндеттемелері бойынша төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын, Ұлттық Банктік мемлекеттік ақша-кредит саясатын жүргізуі мақсатында төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыруға арналған төлем жүйесі болып табылады.

Жүйеде төлемдер және (немесе) ақша аударымдары Ұлттық Банкте ашылған корреспонденттік шоттардан жүйеге аударылған ақшаны пайдалана отырып жүргізіледі

3. Жүйеде төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру оның пайдаланушысының әрбір нұсқауын жеке орындау арқылы жүйеде төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын нақты уақыт режимінде немесе ағымдағы операциялық күннің аяғына дейін аяқталуына кепілдік бере отырып жүргізіледі.

4. Қағидаларда Төлемдер және төлем жүйелері туралы занда, "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" 2003 жылғы 7 қаңтардағы және "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының зандарында көзделген ұғымдар, сондай-ақ мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) аудиторлық із – жүйеде электрондық хабарларды өндөу жөніндегі оқиғаларды жүйелі тіркеу, жүйе және жүйе пайдаланушылары бойынша сақтайтын ақпарат;

2) аутентификация – төлем және ақпараттық хабарлар алмасу кезінде жүйе пайдаланушыларының түпнұсқалығын растау үшін, сондай-ақ төлем және ақпараттық хабарлар түпнұсқалығын растау үшін шаралар кешені;

3) әлеуметтік бағыттағы төлемдер – мемлекеттік бюджеттен немесе Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін зейнетакы төлемдері және (немесе)

жәрдемақы төлемдері, әлеуметтік және өзге төлемдер, бюджеттен төленетін тұрғын үй төлемдері және өзге төлемдер;

4) бағдарламалық-техникалық жүйе кешені – жүйенің жұмысын қамтамасыз ететін, ақпараттық жүйеден, серверден және жүйе терминалынан, коммуникация құралдарынан (деректерді беруден) тұратын техникалық, бағдарламалық немесе басқа да құралдар;

5) бағдарламалық-техникалық жүйе кешенінің негізгі орталығы (бұдан әрі – негізгі орталық) – жүйенің әдеттегі (күнделікті) режимдегі жұмысын қамтамасыз ететін бағдарламалық-техникалық жүйе кешені;

6) бағдарламалық-техникалық жүйе кешенінің резерв орталығы (бұдан әрі – резерв орталығы) – қалыпты емес жағдайлар туындаған немесе негізгі орталықта жоспарлы тест жұмыстары жүргізілген кезде жүйенің жұмысын қамтамасыз ететін резервтік бағдарламалық-техникалық жүйе кешені;

7) бейрезидент қаржы үйимы – Қазақстан Республикасынан тысқары құрылған, тіркелген мемлекеттің заңнамасы бойынша банк операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар, жүйенің пайдалануышы болып табылмайтын және пайдасына траншекаралық төлем және (немесе) ақша аударымы жіберілетін не одан алынған жеке немесе занды тұлғаға қызмет көрсететін қаржы үйимы (банк);

8) дебеттік аударым – пайдаланушы-бастама жасаушы пайдаланушы-бенефициар болып табылатын ақша аударымы;

### **3ҚАИ-ның ескертпесі!**

9) тармақша жаңа редакцияда көзделген – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.06.2024 № 33 қаулысымен (11.11.2024 бастап қолданысқа енгізіледі).

9) жиынтық төлем хабары – пайдаланушылар клиенттерінің бірнеше төлем құжаттарының (нұсқауларының) негізінде пайдаланушы қалыптастырыған төлем хабары ;

10) жүйелік тәуекел – бір немесе бірнеше пайдаланушының міндеттерін орындамауынан туындаған, бір немесе бірнеше ақша аударымы бойынша бір немесе бірнеше пайдаланушы міндеттемелерінің орындалмау тәуекелі;

11) жүйенің пайдалануышы (бұдан әрі – пайдаланушы) – жүйе қатысушысы, Ұлттық Банк және (немесе) басқа төлем жүйесінің операторы (операциялық орталық);

12) кезек – пайдаланушы-ақша жөнелтушінің позициясында ақша сомасы болмаған не жеткіліксіз болған кезде төлем хабарлары операциялық күн ішінде пайдаланушының позициясына қажетті ақша сомасы түскеннен кейін есеп айырысу сәтін күтуде кезекке тұратын тәуекелдерді басқару тетігі;

13) кредиттік аударым – пайдаланушы-бастама жасаушы пайдаланушы-ақша жөнелтуші болып табылатын ақша аударымы;

14) кредиттік тәуекел – қарсы агенттің өз міндеттемелерін толық көлемде уақтылы орындамауының (орындамауының) мүмкін болуымен байланысты тәуекел;

15) операциялық тәуекел – ақпараттық жүйелердің немесе ішкі процестердің кемшіліктерімен, адамдардың қателіктерімен, жүйені басқарудағы, оның ішінде сыртқы оқиғалардың салдарынан болатын іркілістермен немесе бұзушылықтармен байланысты тәуекел;

16) Орталықтағы жүйенің позициясы – Орталықта өндөлетін және пайдаланушылар Ұлттық Банкте жүйенің шотына аударылған ақшаның және жүйедегі пайдаланушылар аударымдарының жалпы сомасын бақылауға арналған позиция;

17) өтімділік тәуекелі – пайдаланушы-ақша жөнелтушінің ақша аудару жөніндегі өз міндеттемелерін толық көлемде уақтылы орындауының (орындауының) мүмкін болуымен байланысты тәуекелі;

18) пайдаланушиның жүйедегі позициясы (бұдан әрі – пайдаланушиның позициясы) – жүйе пайдаланушиның жүйе арқылы төлемдер мен ақша аударымын жүзеге асыру үшін Ұлттық Банкте ашылған теңгедегі корреспонденттік шоттан (бұдан әрі – пайдаланушиның корреспонденттік шоты) өзі аударған ақша сомасын есепке алуға арналған позиция;

19) пайдалануши-ақша жөнелтуші – позициясынан ақша аударылатын (есептен шығарылатын) пайдалануши;

20) пайдалануши-бастама жасаушы – төлем хабарын жүйеге жіберген пайдалануши . Пайдалануши-бастама жасаушы пайдалануши-ақша жөнелтуші немесе пайдалануши-бенефициар болып табылады;

21) пайдалануши-бенефициар – позициясына ақша аударылатын пайдалануши;

22) пайдалануши-делдал – пайдаланушылар мен бейрезидент қаржы ұйымдарының арасында траншекаралық төлемдер және (немесе) ақша аударымдары бойынша ақша аударуды жүзеге асыратын пайдалануши;

23) төлем нұсқауы – пайдаланушиның корреспонденттік шотынан Ұлттық Банктегі жүйенің шотына не Ұлттық Банктегі жүйенің шотынан оның корреспонденттік шотына ақша аударуға нұсқауы;

24) траншекаралық төлем және (немесе) ақша аударымы – ақша жөнелтуші бастама жасаған немесе оның атынан бастама жасалған, ақша жөнелтушінің және бенефициардың төлем қызметтерін жеткізушилер әртүрлі мемлекеттерде орналасқан төлем немесе ақша аударымы жөніндегі нұсқауы;

25) Ұлттық Банктегі жүйенің шоты – Ұлттық Банкте ашылған және пайдаланушылар жүйеде ақша аударымын жүзеге асыру үшін пайдаланылатын ақшасын есепке алуға және ақшаны жүйеге (жүйеден) аудару бойынша пайдаланушылар позицияларының сальдосын аударуға арналған шот;

26) электрондық ақпараттық хабар (бұдан әрі – ақпараттық хабар) – электрондық цифрлық қолтаңбасы бар, төлем хабарларына жатпайтын және ақпараттық сипаттағы, оның ішінде үзінді-көшірмелер бар электрондық хабар;

27) электрондық төлем хабары (бұдан әрі – төлем хабары) – жүйедегі пайдаланушылардың позициялары бойынша ақша аударымдарын жүзеге асыруға негіз болатын, электрондық цифрлық қолтаңбасы бар электрондық хабар;

28) электрондық хабар – Орталық Ұлттық Банктіктің келісімі бойынша әзірлеген форматтағы электрондық түрдегі ақпарат жиынтығы.

Қағидаларда пайдаланылатын тәуекелдер ұғымы Қағидалар шенберіндегі жүйеге қатысты қолданылады және Халықаралық есеп айырысу банкінің Төлемдер мен нарықтық инфрақұрылымдар жөніндегі комитеті (Базель, Швейцария, 2003 жылғы наурыз) әзірлеген төлем және есеп айырысу жүйелерінде пайдаланылатын Терминдер глоссарийіне сәйкес жазылған.

5. Ұлттық Банк жүйенің жұмыс істеуін және басқаруды ұйымдастырады және қамтамасыз етеді, Төлемдер және төлем жүйелері туралы занды белгіленген жүйе операторының басқа да функцияларын орындаиды.

6. Операциялық және технологиялық функцияларды, оның ішінде пайдаланушылармен жүйеде төлем және ақпараттық хабарлар өндеу және беру жөнінде шарт (бұдан әрі – жүйеде қызмет көрсету туралы шарт) және жүйенің жұмыс істеуі үшін қызметтер көрсететін үшінші тұлғалармен Ұлттық Банктің тапсырмасы бойынша шарттар жасасуды Орталық жүзеге асырады.

7. Жүйеде ақша аудару пайдаланушылардың төлем хабарларын өткізу, пайдалануши-ақша жөнелтушінің позициясынан есептен шығару және ақшаны пайдалануши-бенефициардың позициясына есепке алу арқылы оларды өндеу жолымен жүзеге асырылады.

## **2-тарау. Жүйеге қатысу талаптары**

8. Ұлттық Банкте ашылған пайдаланушиның ұлттық валютадағы корреспонденттік шотының болуы пайдаланушиның мәртебе алуды үшін міндетті талап болып табылады.

9. Жүйеде қызметтер көрсету туралы шарт жасасу үшін занды тұлға Орталыққа мынадай құжаттар ұсынады:

1) жүйеге қосуға арналған еркін нысандағы өтініш;

2) Ұлттық Банкпен корреспонденттік шот шартына (бұдан әрі – корреспонденттік шот шарты) қосуға арналған өтініштің көшірмесі Ұлттық Банкпен жасалған төлем жүйесіне қатысу туралы шарттың (бұдан әрі – қатысу туралы шарт) көшірмесін.

Корреспонденттік шот шартының және қатысу туралы шарттың талаптары қамтылған аралас шарт жасауға рұқсат беріледі.

10. Ұлттық Банк өзінің төлемдер және (немесе) ақша аударымдарын және клиенттердің нұсқаулары бойынша төлемдер және (немесе) ақша аударымдарын жүргізген кезде жүйеге пайдалануши ретінде қатысады және Орталықпен жасалған жүйеде қызмет көрсету туралы шарт негізінде жүйенің пайдалануши мәртебесін алады.

### **3-тарау. Жүйенің жұмыс істеуінің құқықтық негізі**

11. Төлемдер және төлем жүйелері туралы заң, Қағидалар, қатысу туралы шарттар, жүйеде қызмет көрсету туралы шарттар жүйенің жұмыс істеуінің құқықтық негізін құрайды.

12. Қатысу туралы шарт, жүйеде қызмет көрсету туралы шарт мыналарды қамтиды:
- 1) шарттың мәні;
  - 2) тараптардың құқықтары мен міндеттері;
  - 3) тараптардың шарттың талаптарын орындамағаны үшін жауапкершілігі;
  - 4) шарт талаптарын өзгерту және бұзу тәртібі;
  - 5) дауларды шешу тәртібі;
  - 6) тараптардың келісіу бойынша басқа талаптар.

Қатысу туралы шартта қосымша жүйеде төлемдер және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асырудың негізгі талаптары, төлемдер және (немесе) ақша аударымдарын аяқтау (түпкілікті ету) тәртібі мен талаптары жазылады.

Жүйеде қызмет көрсету туралы шартта қосымша Орталықтың қызмет көрсетуге ақы төлеу тәртібі, ақпараттық қауіпсіздік, конфиденциалдылық, банктік құпияны қорғау және дербес деректерді қорғау режимін сақтау жазылған.

13. Қатысу туралы шарттың жекелеген ережелерінің қолданылуы корреспонденттік шот шартында көзделген негізdemeler бойынша уақытша тоқтатыла тұрады.

Қатысу туралы шарттың жекелеген ережелерін уақытша тоқтата тұру пайдаланушыны заңды тұлға мәртебесінен айырмайды.

### **4-тарау. Ұлттық Банктің және Орталықтың жүйеде көрсететін қызметтері және операциялар түрлері**

14. Ұлттық Банк Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңынң 8-бабында белгіленген жүйе операторының функцияларына сәйкес қызметтер, оның ішінде мынадай:

- 1) пайдаланушының нұсқауы бойынша не Қағидаларда белгіленген жағдайларда дербес пайдаланушының корреспонденттік шотын ашқан, жапқан кезде не операциялық күн ішінде пайдаланушының корреспонденттік шотынан ақшаны жүйеге (жүйеден) корреспонденттік шотқа аудару бойынша;
- 2) жүйенің операциялық күнін ұзарту бойынша;
- 3) Орталықтағы жүйе позициясы сальdosын, Ұлттық Банктегі жүйе шотын және жүйедегі пайдаланушылардың позиция сальdosының жалпы сомасын және пайдаланушылардың позицияларының дебет және кредит айналымдары сомаларының тең болуын бақылау бойынша;
- 4) жүйедегі тәуекелерді басқару жүйесін айқындау және қолдану бойынша қызметтер көрсетеді.

Орталық жүйеде қызметті пайдаланушыға:

1) төлем хабарларын қабылдау мен өндеу және олардың негізінде пайдаланушы-ақша жөнелтушінің позициясынан пайдаланушы-бенефициар позициясына ақша аударуды жүзеге асыру бойынша;

2) жасалған операциялар бойынша пайдаланушыларға ақпараттық хабарларды қабылдау, өндеу және ұсыну бойынша;

3) жүйенің жұмыс істеуін қамтамасыз етуде Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 8-бабында айқындалған операциялық және технологиялық функцияларды орындау бойынша қызметтер көрсетеді.

15. Жүйе арқылы кредиттік және дебеттік аударымдар жүзеге асырылады.

16. Орталық жүйе пайдаланушылары арасында ақша аударымын жүзеге асырады және жүйеде пайдаланушылар ақшасының қалдығын ескере отырып, олардың кезегінде тұрған төлем хабарлары сомаларының өзара есебін орындайды.

### **5-тaraу. Пайдаланушының жүйемен өзара іс-әрекеті, ақпараттық қауіпсіздік рәсімдері**

17. Жүйеде төлемдер мен ақпараттық хабарлар беру және қабылдау электрондық тәсілмен жүзеге асырылады.

18. Пайдаланушылар Ұлттық Банкпен келісу бойынша Орталық әзірлеген және жүйеде қолданылатын хабарлармен алмасу рәсімдеріне және форматтарына (бұдан әрі – Рәсімдер) сәйкес электрондық хабармен алмасады.

19. Орталықтың ресми сайтына жариялау арқылы ресімдерді Орталыққа жүйеде қызметтер көрсету туралы шартта белгіленген мерзімдерде пайдаланушыларға жібереді

### **3ҚАИ-ның ескертпесі!**

**20 тармақ жаңа редакцияда көзделген – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.06.2024 № 33 қаулысымен (11.11.2024 бастап қолданысқа енгізіледі).**

20. Жүйеде бір ақша жіберуші және бір бенефициар көрсетілген жиынтық төлем хабары өндөледі.

21. Электрондық хабарларды беру фактісін айқындау және оларды беру кезінде қателерді анықтау үшін жүйеде Орталық белгілеген ақпараттық қауіпсіздік рәсімдері сақталады.

22. Орталық электрондық хабарларды аутентификациялау тәртібін әзірлейді.

23. Орталық және пайдаланушылар ақпараттың сақталуын қамтамасыз етеді және жіберілетін және алынатын электрондық хабарларының мониторингін жүзеге асырады. Орталық және пайдаланушылар өндеген барлық электрондық хабарлардың Орталықтың және пайдаланушылардың ішкі бағдарламалық жүйелерінде аудиторлық ізі қалады.

24. Орталық төлем хабарларын өндеген кезде оларды өзгертуге жол бермейді.

25. Электрондық хабарлармен алмасу кезінде Орталық және пайдаланушылар ақпаратты криптографиялық қорғау құралын және Орталық пайдаланушыға беретін тіркеу күәлігін пайдаланады.

Орталық және пайдаланушылар конфиденциалдылықты, тұтастықты, авторлықтың расталуын және электрондық тапсырмалардың түпнұсқалылығын қамтамасыз ету үшін ақпаратты криптографиялық қорғау құралын қолданады.

26. Жүйеде пайдаланушы да және Орталық та аутентификациялайтын екіжақты аутентификация криpto-хаттамасында құрылған пайдаланушыларды аутентификация қолданылады.

Пайдаланушы аутентификациядан кейін Орталық пен пайдаланушы арасында ақпаратпен алмасу жүргізіледі. Конфиденциалдылықты қамтамасыз ету үшін жүйе және пайдаланушылар осы ақпаратқа рұқсатсыз кіруден қорғауға кепілдік беретін және ақпараттың бұрмалануын болдырмауға мүмкіндік жасайтын ақпараттың ашық арналары бойынша сақталатын немесе берілетін шифрлеу жүргізіледі.

## **6-тарау. Операциялық күнді ашу**

27. Жүйедегі ақша аударымы Ұлттық Банк төлем құжаттарын қабылдау мен өндеу кестесіне сәйкес (бұдан әрі – кесте) айқындаған операциялық күн ішінде жүргізіледі.

28. Операциялық күннің басында кестеде белгіленген уақытта Ұлттық Банк пайдаланушиның төлем нұсқауы негізінде пайдаланушиның корреспонденттік шотынан ондағы қалдық сомасы шегінде жүйе Ұлттық Банктегі шотына ақша аударады, сондай-ақ Орталықтың пайдаланушиның позициясына бұдан әрі осы соманы көрсетуі үшін Орталыққа тиісті ақпараттық хабар жібереді.

29. Корреспонденттік шот шарты бойынша пайдаланушиның корреспонденттік шотынан жүйенің Ұлттық Банктегі шотына ақша аударуға төлем нұсқауы Орталықтың пайдаланушиның позициясына одан әрі аударуы үшін пайдаланушиның корреспонденттік шотынан жүйенің Ұлттық Банктегі шотына ақша аударуға арналған, Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша тұрақты қолданылатын нұсқау (бұдан әрі – тұрақты қолданылатын нұсқау) ретінде ұсынылады.

30. Тұрақты қолданылатын нұсқауда пайдаланушиның корреспонденттік шотындағы ақша қалдығы сомасының пайыздық арақатынасы немесе пайдаланушиның корреспонденттік шотынан жүйенің Ұлттық Банктегі шотына ақша аудару үшін қажетті белгіленген сома көрсетіледі.

31. Тұрақты қолданылатын нұсқау Ұлттық Банктің пайдаланушидан оны кері қайтарып алу туралы еркін нысанда ұсынылған жазбаша нұсқауын алғанға дейін қолданыста болады.

32. Тұрақты қолданылатын нұсқау пайдаланушы жаңа тұрақты қолданылатын нұсқауды Ұлттық Банкке берген күннен кейінгі бірінші жұмыс күні күшін жояды.

33. Ұлттық Банк пайдаланушылардың корреспонденттік шоттарынан жүйенің шотына ақша аударуды аяқтаған соң Орталыққа:

1) пайдаланушылардың өз корреспонденттік шоттарынан пайдаланушылардың позициясына бұдан әрі көрсету үшін жүйенің Ұлттық Банктегі шотына аударылған ақша сомалары туралы;

2) пайдаланушының кезегіне қоюға жататын төлем хабарларының барынша рұқсат етілген сомасы туралы ақпарат бар ақпараттық хабарды береді.

34. Орталық Ұлттық Банктен алынған ақпараттық хабар негізінде тиісті пайдаланушылардың позициялары бойынша жазбалар жүргізеді.

35. Операциялық күннің басында пайдаланушының жүйедегі позициясындағы ақша сомасы тұрақты қолданылатын нұсқауда көрсетілген және жүйе арқылы ақша аударуды жүзеге асыру үшін пайдаланушының өз корреспонденттік шотынан аударған сомасына тең болады.

36. Операциялық күн ішінде жүйенің Орталықтағы позициясындағы ақша сомасы жүйенің Ұлттық Банктегі шотындағы ақша сомасына тең болады.

## **7-тaraу. Жүйенің операциялық күн ішінде жұмыс істеуі**

37. Жүйеде ақша аудару пайдаланушы өзінің корреспонденттік шотынан позицияға аударған және пайдаланушы жіберген және жүйеде басқа пайдаланушылардан алынған төлемдер сальdosы есебінен қалыптастырылған пайдаланушы позициясындағы ақша сомасы шегінде жүзеге асырылады.

38. Орталық жүйеде ақша аударуды пайдаланушы-бастама жасаушыдан келіп түскен төлем хабарын тексерген соң жүзеге асырады.

39. Орталықтың төлем хабарын тексерудің өлшемшарты мыналар болып табылады:

1) аутентификациядан өту;

2) пайдаланушы-бастама жасаушыда пайдаланушы мәртебесінің болуы;

3) бейрезидент қаржы ұйымына трансшекаралық төлемді және (немесе) ақша аударымын жіберу кезінде, алушы-делдалда пайдаланушы мәртебесінің болуы, ол болмаған кезде бенефициар банкте пайдаланушы мәртебесінің болуы;

4) бейрезидент қаржы ұйымынан трансшекаралық төлемді және (немесе) ақша аударымын алу кезінде, алушы-делдалда пайдаланушы мәртебесінің болуы, ол болмаған кезде алушы банкте пайдаланушы мәртебесінің болуы;

5) төлем хабарында көрсетілген соманы пайдаланушы-ақша жөнелтушінің позициясына есептен шығару мүмкіндігі;

6) дебет аударымын жүргізу кезінде пайдаланушы-ақша жөнелтушінің алдын ала келісімінің болуы.

Осы тармақтың бірінші бөлігі 5) тармақшасының талаптары орындалмаған кезде, бірақ 1), 2), 3) және 4) тармақшаларының талаптары сақталған кезде төлем хабары Қағидалардың 40-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, пайдаланушы-ақша

жөнелтушінің кезегіне жіберіледі. Орталық төлем хабарын кезекке қою кезінде пайдалануши-бастама жасаушыға төлем хабарын жүргізбегені және оны кезекке қою туралы ақпараттық хабарды жібереді.

Осы тармақтың бірінші бөлігі 1), 2), 3), 4) және 6) тармақшаларының талаптары орындалмаған кезде Орталық төлем хабарын орындаудан және кезекке тіркеуден бас тартады. Орталық төлем хабарын орындаудан немесе кезекке тіркеуден бас тартқан жағдайда, пайдалануши-бастама жасаушыға себептерін көрсете отырып, төлем хабарын жүргізбегені туралы ақпараттық хабарды жібереді.

40. Пайдалануши-бастама жасаушы болып табылатын орталық депозитарийдің төлем хабары, пайдалануши-ақша жөнелтушінің позициясында төлем хабарын орындау үшін жеткілікті ақша сомасының болмау салдарынан Қағидалардың 39-тармағының бірінші бөлігі 5) тармақшасының талаптары орындалмаған жағдайда, кезекке тіркелмейді және оны Орталық орындаамайды. Орталық осы төлем хабарын орындаудан бас тартқан кезде орталық депозитарийге себептерін көрсете отырып, төлем хабарын жүргізбегені туралы ақпараттық хабарды жібереді.

41. Орталық төлем хабарын тексергеннен кейін Орталық пайдалануши-ақша жөнелтушінің позициясын түскен төлем хабары негізінде дебеттейді.

42. Пайдалануши-ақша жөнелтушінің позициясынан пайдалануши-бенефициардың позициясына аудару кезінде Орталық пайдалануши-бенефициардың позициясы бойынша ақша сомасын көрсетуді және оның позициясын кредиттеу туралы растамамен қоса оған электрондық хабарды жіберуді қамтамасыз етеді.

43. Төлем хабары оны Орталық тексергеннен кейін және дебеттегеннен кейін пайдалануши-ақша жөнелтушінің позициясы кері қайтарылмайтын төлем деп саналады

44. Қағидалардың 13-тармағында көзделген жағдайда Орталық Ұлттық Банктен пайдаланушымен жасалған қатысу туралы шарттың жекелеген ережелерін уақытша тоқтата тұру туралы хат алған кезде Орталық пайдаланушиның пайdasына ақша сомасын қабылдау (есептеу) операцияларын қоспағанда, осы пайдаланушиның позициясы бойынша операцияларды тоқтатады.

45. Орталық операциялық күннің ішінде Орталықта жүйенің позициясы бойынша қалдық сомасының жүйе пайдаланушиларының позициялары бойынша қалдықтар сомасына тең болуын жүйелі салыстырып тексеруді жүзеге асырады. Сомалар тең болмаған кезде Орталық Ұлттық Банкке хабарлайды, ақша аударымдарын тоқтатады және сәйкес болмау себептерін анықтайды.

Орталық пайдаланушилардың позициялары бойынша сомалардың сәйкес болмаулары жойылғаннан кейін жүйедегі операцияларды жаңартады, бұдан кейін операцияларды жаңарту туралы Ұлттық Банкке хабарлайды.

46. Жүйеде клиринг нәтижелері бойынша:

1) төлем карточкаларын пайдалана отырып банкаралық операциялар;

- 2) банкаралық клиринг жүйесіндегі;
- 3) жаппай электрондық төлемдер жүйесіндегі;
- 4) лездік төлемдер жүйесіндегі ақша аударымдары жүргізіледі.

**Ескерту. 46-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.11.2021 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

47. Қаржы құралдарымен операциялар бойынша ақша аударымдары немесе репо операциялары бойынша өтемақы төлемін жүзеге асыру кезінде Орталық депозитарий депозитарлық қызмет көрсету шарты негізінде олар қабылдаған пайдаланушылардың бүйрықтарына сәйкес пайдалануши-ақша жөнелтушінің позициясынан жүйедегі Орталық депозитарийдің позициясына дебеттік ақша аударымдарын орындаиды.

Депозитарлық қызмет көрсету шартына сәйкес пайдалануши Орталық депозитарийге жүйедегі пайдаланушиның позициясынан ақша аударуға төлем хабарын жасауды тапсырады.

Осы тармақта көзделген мақсаттар үшін пайдалануши Орталыққа орталық депозитарийдің депозитарлық қызмет көрсету шартына сәйкес жүйедегі пайдаланушиның позициясынан ақша аударуға төлем хабарын жасауға пайдаланушиның ұсынылған алдын ала келісімі туралы растама хатты ұсынады. Пайдалануши растама хаттың көшірмесін Орталық депозитарийге ұсынады.

48. Орталық депозитарийдің қағидалар жиынтығында бағалы қағаздарды сатушы мен сатып алушының Орталық депозитарийде ашылған шоттары бойынша бағалы қағаздарды аударуды жүзеге асыру көзделген жағдайларда, жүйедегі ақша пайдалануши-ақша жөнелтушінің позициясынан Орталық депозитарийдің позициясына аударылғаннан кейін Орталық депозитарий бағалы қағаздарды Орталық депозитарийде ашылған бағалы қағаздарды сатып алушының шотына аударуды және Орталық депозитарийдің позициясынан бағалы қағаздарды сатушы болып табылатын пайдалануши-бенефициардың позициясына кредиттік ақша аударымын жүзеге асырады.

Орталық депозитарийдің қағидалар жиынтығында бағалы қағаздарды аудару жүзеге асырылмайтыны көзделген жағдайларда, жүйедегі ақша пайдалануши-ақша жөнелтушінің позициясынан Орталық депозитарийдің позициясына аударылғаннан кейін Орталық депозитарий Орталық депозитарийдің позициясынан пайдалануши-бенефициардың позициясына кредиттік ақша аударымын жүзеге асырады.

## **8-тарау. Кезек**

49. Кезекте түрған төлем хабарлары басымдық кодтарына сәйкес өндөледі. Басымдық кодтары шеңберінде кезектегі төлем хабарлары олардың жүйеге түсу тәртібі бойынша орындалады.

50. Орталық басымдық кодтарын Ұлттық Банкпен келісу бойынша пайдаланушылардың әлеуметтік бағыттағы төлемдерді жүргізуін, пайдаланушылардың Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығындағы және валюта нарығындағы есеп айырысуларға қатысуын, төлем карточкаларын пайдалана отырып жасалған банктер арасындағы, банкаралық клиринг жүйесіндегі, жаппай электрондық төлемдер жүйесіндегі және лездік төлемдер жүйесіндегі операциялардың клиринг нәтижелері бойынша ақша аударымдарының аяқталуын қамтамасыз етуді ескере отырып әзірлейді.

**Ескерту. 50-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.11.2021 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

51. Пайдаланушылар төлем хабарларының орындалу кезектілігін басымдық кодтарына сәйкес дербес белгілейді.

52. Кезекте тұрған төлем хабарының басымдығын өзгертуді пайдалануши-бастама жасаушы төлем құжатын қайтармай басымдықты өзгерту туралы ақпараттық хабарды жүйеге жіберу арқылы жүзеге асырады.

53. Орталық пайдаланушиның позициясы бойынша әрбір кредиттік жазбадан кейін кезекте тұрған төлем хабарларын орындау үшін пайдаланушиның позициясына түскен ақша сомасының жеткіліктілігін тексереді.

54. Пайдалануши-бастама жасаушының кезекте тұрған төлем хабарларын қайтаруды пайдалануши-бастама жасаушы Орталыққа төлем хабарын жоюға ақпараттық хабар жіберу арқылы жүзеге асырады.

Орталық төлем хабарын жоюға алған ақпараттық хабарды өндөу нәтижесі он болған жағдайда төлемнің жүргізілмегені туралы ақпараттық хабарды пайдалануши-бастама жасаушыға жібереді.

55. Орталық операциялық күнді жабу кезінде жүйеде кезекте тұрған пайдаланушиның шығыс төлем хабарлары бойынша пайдаланушиның жүйеде қарсы төлем хабарлары болған кезде өзара есеп айырысуды (клирингті) жүзеге асырады.

#### **9-тарау. Жүйеде төлемдердің және (немесе) ақша аударымдарының аяқталуы (түпкілікті болуы)**

56. Төлемдердің және (немесе) ақша аударымдарының аяқталуы (түпкілікті болуы) Төлемдер және төлем жүйелері туралы занын 7-бабында реттелген.

57. Пайдалануши-бенефициар растамамен төлем хабарын және оның позициясын кредиттеу туралы ақпараттық хабарды алған кезде ақша сомасын операциялық күн ішінде, бірақ өзінің келесі операциялық күнінен кешіктірмей мақсаты бойынша тиісті шотқа қабылдайды (есепке алады).

58. Түскен төлем хабарын (нұсқау) орындаудан Төлемдер және төлем жүйелері туралы занда көзделген негіздер бойынша бас тартқан кезде пайдалануши-бенефициар

түсken ақша сомасын келесі операциялық күnnен кешіктірмей пайдалануши-жөнелтушіге қайтарады.

Пайдалануши-бенефициардың ақшаны пайдалануши-жөнелтушінің пайдасына қайтару себебін көрсете отырып, төлем хабарын жасауы арқылы ақша сомасы қайтарылады.

#### **10-тaraу. Ақшаны жүйеге қабылдау және оны операциялық күн ішінде жүйеден алыш алу**

59. Ұлттық Банк операциялық күн ішінде пайдалануши ұсынған төлем нұсқауы негізінде пайдаланушиның корреспонденттік шотынан ол бойынша қолда бар ақша қалдығы шегінде ақша аударымын Ұлттық Банктегі жүйе шотына жүзеге асырады, сондай-ақ Орталық осы соманы пайдаланушиның позициясында одан әрі көрсетуі үшін Орталыққа тиісті ақпараттық хабарлама жібереді.

60. Пайдаланушида операциялық күннің соңында (операциялық күн жабылғанға дейінгі отыз минут ішінде) төлем құжаттарының кезегі пайда болған және пайдаланушиның корреспонденттік шотында жеткілікті ақша сомасы болған кезде Ұлттық Банк корреспонденттік шоттың шарты негізінде пайдаланушиның Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шотынан Орталықтағы пайдаланушиның позициясына ақшаны акцептсіз алыш алушы жүзеге асырады.

61. Ұлттық Банк пайдаланушиның ақшасын корреспонденттік шотынан Ұлттық Банктегі жүйе шотына аударғаннан кейін Орталыққа пайдаланушиның аударылған ақша сомасы және оның банктік сәйкестендіру коды туралы ақпараты бар ақпараттық хабарды береді.

62. Орталық Ұлттық Банктен ақпараттық хабарды алғаннан кейін Орталықтағы пайдаланушиның және жүйенің позициялары бойынша жазба жасайды.

63. Пайдаланушиның корреспонденттік шотында оған қолма-қол ақшаны беру, инкассолық өкімдерді орындау, сондай-ақ корреспонденттік шот шартының талаптарына сәйкес басқа да мақсаттар үшін қажетті ақша сомасы болмағаны немесе жетіспейтіндігі анықталған кезде, Ұлттық Банк пайдаланушиның төлем нұсқауы негізінде немесе өздігінше Орталыққа жөнелтушінің нұсқауын орындау үшін қажетті сомада жүйеден пайдаланушиның ақшасын алыш алу жөніндегі ақпараттық хабарды жібереді, хабардың негізінде Орталық пайдаланушиның позициясындағы соманы азайтады.

64. Орталық Ұлттық Банктен алған ақпараттық хабардың негізінде ақшаның қажетті сомасына пайдаланушиның және жүйенің Орталықтағы позициялары бойынша жазба жасайды, бұдан кейін Ұлттық Банкке аударылған ақша сомасын көрсете отырып орындалған операция туралы растамамен ақпараттық хабарды жібереді.

Орталық пайдаланушиның позициясында сұратылған ақша сомасы болмаған кезде Ұлттық Банкке пайдаланушиның позициясында бар ақша сомасын көрсете отырып орындалған операция туралы растамамен ақпараттық хабарды жібере отырып,

пайдаланушиның позициясы бойынша бар сомаға Орталықтағы пайдаланушиның және жүйенің позициялары бойынша жазба жасайды.

Орталық пайдаланушиның позициясында ақша болмаған кезде Ұлттық Банкке пайдаланушиның позициясында ақша жоқтығы жөніндегі ақпараттық хабарды береді.

65. Ұлттық Банк Орталықтың растамасы негізінде жөнелтушінің нұсқауына сәйкес кейіннен ақша аудару үшін Ұлттық Банктегі жүйенің шотынан пайдаланушиның корреспонденттік шотына ақша аударады.

### **11-тарау. Жүйе арқылы траншекаралық төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру**

66. Жүйе арқылы траншекаралық төлемдер және (немесе) ақша аударымдары пайдалануши-делдалдар арқылы жүргізіледі.

67. Жүйе арқылы траншекаралық төлемдер және (немесе) ақша аударымдары пайдалануши-делдалдың төлем сомасын төлем және (немесе) ақша аударымының бастамашысы көрсеткен төлем валютасына одан әрі айырбастаумен Рәсімдерді пайдалана отырып теңгемен жүргізіледі.

68. Пайдалануши-делдалдар Орталықпен шарттық қатынастар шегінде траншекаралық төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын қабылдауға және өндеуге келісімдерін береді.

69. Траншекаралық төлемдер және (немесе) ақша аударымдары жүйе арқылы:

1) пайдаланушилар қызмет көрсететін ақша жөнелтушілерден бейрезидент қаржы үйимдары қызмет көрсететін бенефициарларға;

2) бейрезидент қаржы үйимдары қызмет көрсететін ақша жөнелтушілерден пайдаланушилар қызмет көрсететін бенефициарлардың пайdasына;

3) бейрезидент қаржы үйимдары қызмет көрсететін ақша жөнелтушілерден бейрезидент қаржы үйимдары қызмет көрсететін бенефициарларға жүргізіледі.

**Ескерту. 69-тармаққа орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді - КР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.06.2024 № 33 (30.06.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

70. Пайдалануши-делдал Орталыққа Рәсімдерде белгіленген тәртіpte траншекаралық төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүргізу талаптарымен ұсынысын береді (бұдан әрі – ұсыныс).

71. Орталық пайдалануши-делдалдардың қолданыстағы ұсыныстарын пайдаланушиларға олардың сұратуы бойынша жібереді.

72. Пайдалануши-делдалдың ұсынысын жүйенің операциялық күні аяқталғанға дейін өзгертуге болмайды.

73. Ақшаны жөнелтуші (бастамашы) траншекаралық төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүргізу кезінде:

1) пайдаланушы пайдаланушы-делдалдардың барлық ұсыныстарымен, ақша жөнелтушінің көрсетудің тиісті талаптарымен танысуы тиіс және өзін қанағаттандыратын нұсқаны таңдайды;

2) бенефициарға ақша аударылатын төлем валютасын көрсете отырып, ақша пайдаланушы-делдалға бейрезидент қаржы үйымдары қызмет көрсететін бенефициардың пайдасына ақшаны аударуға нұсқау береді.

74. Пайдаланушы-делдал ақша пайдаланушы-жөнелтушіден бейрезидент қаржы үйымына жіберілген трансшекаралық төлемдер және (немесе) ақша аударымдары бойынша жүйе арқылы төлем хабарын қабылдағаннан және өндегеннен кейін:

1) төлем хабарының форматын пайдаланушы-делдал бейрезидент қаржы үйымымен хабарлармен алмасу үшін пайдаланатын форматқа қайта өзгерtedі;

2) ақша пайдаланушы-делдалдың төлем хабарында көрсетілген теңгемен төлем сомасын төлем хабарының және ол берген ұсыныстың талаптарына сәйкес шетел валютасындағы төлем сомасына айырбастайды;

3) трансшекаралық төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын бейрезидент қаржы үйымына жібереді.

75. Бейрезидент қаржы үйымынан пайдаланушы-бенефициарға жолданған трансшекаралық төлем және (немесе) ақша аударымы бойынша пайдаланушы-делдал төлем хабарын алғып, оны өндеген соң:

1) бейрезидент қаржы үйымымен хабарлар алмасу үшін пайдаланушы-делдал пайдаланатын төлем хабарының форматын жүйеде пайдаланылатын форматқа өзгерtedі;

2) төлем хабарының талаптарына және оларға берілген ұсыныстарға сәйкес шетел валютасындағы төлем сомасын теңгедегі төлем сомасына айырбастайды;

3) трансшекаралық төлемді және (немесе) ақша аударымын жүйе арқылы пайдаланушы-бенефициарға жібереді.

76. Пайдаланушы-делдал жүйенің операциялық күні ішінде валюталардың айырбастау бағамының өзгеру және оларға берілген ұсыныстардың талаптарына сәйкес трансшекаралық төлемді және (немесе) ақша аударымын аяқтау тәуекелдерін қабылдайды.

77. Валюталардың айырбастау бағамының өзгеру тәуекелдерін басқару мақсатында және трансшекаралық төлемді және (немесе) ақша аударымын аяқтауды қамтамасыз ету үшін пайдаланушы-делдал оларға берілген ұсыныс бойынша пайдаланушы-делдалдың ішкі құжаттарында айқындалатын және мыналарды:

1) тәуекелдерді анықтау, өлшеу рәсімдері мен тәуекелдердің мониторингін;

2) төтенше жағдайлар туындаған кезде пайдаланушы-делдалдың үздіксіз қызметін қамтамасыз ету рәсімдерін (жоспарын);

3) өзара алмастырылатын хабарлардың форматтарын өзгерту кезінде ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету рәсімдерін;

4) берілген ұсыныс бойынша пайдаланушы-делдалдың трансшекаралық төлемді және (немесе) ақша аударымын аяқтауын қамтамасыз ететін тәуекелдерді басқару әдістерін қамтитын тәуекелдерді басқару жүйесін қолданады.

78. Пайдаланушы пайдаланушы-делдал мәртебесін алғаннан кейін жиырма жұмыс күні ішінде тәуекелдерді басқарудың пайдаланылатын әдістері туралы ақпаратты Ұлттық Банкіне мәлімет үшін жеткізеді.

79. Пайдаланушы-делдалдар тәуекелдерді басқарудың пайдаланылатын әдістеріне тұрақты негізде талдау жүргізеді және тәуекелдерді басқарудың мәлімделген әдістері жарамсыз болған кезде оларды қайта қарауды жүзеге асырады.

## 12-тарау. Операциялық күнді жабу

80. Операциялық күнді жабу кестеде белгіленген уақыт бойынша жүзеге асырылады

81. Орталық операциялық күн жабылғанға дейін пайдаланушылардың позициялары бойынша қалдық сомаларын Орталықтағы жүйенің позициясы бойынша қалдық сомасымен салыстырып тексеруді жүзеге асырады және орындалмаған төлем хабарларының болуын тексереді.

82. Орталық операциялық күн жабылған кезде жүйедегі пайдаланушылар ақшасының қалдығын ескере отырып, кезекте тұрған пайдаланушылардың төлем хабарларының сомаларын өзара есепке алуды (клиринг) орындаиды.

83. Орталық ақпараттық хабарларды жөнелту арқылы оның барлық орындалмаған төлем құжаттары туралы хабарлайды.

84. Орталық операциялық күн жабылған кезде Ұлттық Банкке пайдаланушылар позицияларының және Орталықтағы жүйе позициясының сальdosы туралы ақпараттық хабар жібереді.

85. Ұлттық Банк операциялық күн жабылған кезде Орталықтағы жүйенің позициясы, Ұлттық Банктегі жүйенің шоты арасындағы ақша сомаларының және жүйедегі пайдаланушылардың позициялары сальdosының жалпы сомасының тең болуы және пайдаланушылар позицияларының дебеттік және кредиттік айналым сомаларының тең болуы туралы ақпаратты тексереді, содан кейін Орталыққа орындалған тексерудің нәтижелері туралы хабарлайды.

86. Ұлттық Банктегі позициялар сальdosының сомалары мен жүйе шотының сальdosы сәйкес келмеген кезде Орталық пен Ұлттық Банк алшақтықты жою бойынша бірлескен шаралар қабылдайды.

Тексерудің оң нәтижесі туралы хабарлама алғаннан кейін Орталық пайдаланушылар позициясының сальdosын олардың позицияларынан Орталықтағы жүйенің позициясына аударады.

87. Ұлттық Банк деректерді салыстырып тексергеннен кейін пайдалануышы позициясының сальdosы сомасындағы ақшаны Ұлттық Банктегі жүйенің шотынан пайдалануышының корреспонденттік шотына аударады.

88. Пайдалануышда операциялық құн ішінде төлем хабарларын қалыптастыру, Орталықпен алмасу және төлем хабарларын өндөу бойынша проблемалар болған кезде Ұлттық Банк жүйені пайдалануышының операциялық құнді ұзарту туралы өтініші (бұдан әрі – ұзарту туралы өтініш) негізінде операциялық құнді ұзартады.

89. Операциялық құнді бір сағатқа дейін ұзарту туралы шешімді Ұлттық Банктің операциялық құнді ашу және жабу үшін жауапты бөлімшесінің (бұдан әрі – уәкілетті бөлімше) басшысы қабылдайды. Операциялық құнді бір сағаттан көп уақытқа ұзарту туралы шешімді Ұлттық Банк Төрағасының уәкілетті бөлімшеге жетекшілік ететін орынбасары (бұдан әрі – Төрағаның орынбасары) қабылдайды.

**Ескерту. 89-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.06.2024 № 33 (30.06.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

90. Ұзарту туралы өтініш жүйені пайдалануышының атауын, жүйенің операциялық құнін ұзартуды пайдалануышының сұрау себептері мен ұзарту уақытын көрсете отырып, еркін нысанда жасалады.

91. Жүйенің операциялық құнін бір сағатқа дейін ұзарту үшін пайдалануыш ұзарту туралы өтінішті уәкілетті бөлімшеге (алдын ала ауызша келіскеңнен кейін) ұсынады, пайдалануыш бір сағаттан астам уақытқа жүйенің операциялық құнін ұзарту үшін уақытты ұзарту туралы өтінішті Төраға орынбасарының атына ұсынады.

**Ескерту. 91-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.11.2020 № 139 (16.12.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

92. Ұзарту туралы өтініш қағаз тасымалдағышта не электрондық тәсіл арқылы беріледі.

Қағаз тасымалдағышта не электрондық тәсіл арқылы берілген ұзарту туралы өтінішке пайдалануышының уәкілетті адамдары қол қояды. Ұзарту туралы өтінішке қол қою құқығына ие уәкілетті адамдардың тізімін атқарушы орган бекіткен ішкі құжат негізінде пайдалануыш өз бетінше белгілейді және уәкілетті адамдардың қол қою үлгілерімен бірге операциялық есепке алу бөлімшесіне жібереді.

Ұзарту туралы өтініш электрондық тәсіл арқылы берілген кезде жүйені пайдалануыш Ұлттық Банкке ұзарту туралы өтініштің түпнұсқасын қағаз тасымалдағышта жібереді.

**Ескерту. 92-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.06.2024 № 33 (30.06.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

93. Пайдалануышының ұзарту туралы өтініші негізінде операциялық құн ұзартылған жағдайда және жүйеде аталған пайдалануыш жіберген төлем хабары болмаған кезде

пайдаланушы бұрынырақ ұсынылған ұзарту туралы өтініштен бас тарту туралы өтінішті ағымдағы операциялық күнгі сағат 19:00-ге дейін берген жағдайды қоспағанда, пайдаланушыдан Ұлттық Банк белгілеген мөлшерде ақы алынады.

### **13-тaraу. Операциялық күн ішінде және соңында ақпараттық хабарлар беру**

94. Операциялық күн ішінде пайдаланушының сұратуы бойынша Орталық оған мынадай:

- 1) пайдаланушы кезегінде тіркелген төлем хабарлары бойынша;
- 2) пайдаланушы жіберген есептелген төлем хабарлары бойынша;
- 3) пайдаланушы алған есептелген төлем хабарлары бойынша;
- 4) жүйедегі пайдаланушының кіріс және ағымдағы ақша қалдығы туралы ақпаратты қамтитын пайдаланушы позициясының жай-күйі туралы үзінді-көшірме түріндегі ақпараттық хабарды ұсынады.

Жүргізілген немесе кезекте тұрған әрбір төлем хабары бойынша төлем құжатының пайдаланушы-бастама жасаушысы, бірегей сәйкестендіргіші, оның басымдығы мен жүйеге келіп түскен уақыты көрсетіледі.

95. Операциялық күн ішінде Орталық пайдаланушының сұратуы бойынша оған жүргізілмеу себептерін көрсете отырып, пайдаланушының жүргізілмеген төлем хабарлары туралы ақпаратты қамтитын ақпараттық хабарды жібереді.

96. Операциялық күнді жабу кезінде Орталық пайдаланушыға пайдаланушының жүйедегі позициясының жағдайы туралы үзінді-көшірме түріндегі түпкілікті ақпараттық хабарлама жібереді.

97. Егер пайдаланушының жүйедегі позициясының жағдайы туралы үзінді-көшірме түріндегі ақпараттық хабарда пайдаланушы Орталыққа жіберген электрондық хабар туралы ақпарат жоқ болса, пайдаланушы ол туралы Орталыққа хабарлайды және Орталықпен бірлесіп келесі операциялық күннен кешіктірмей электрондық хабардың жоғалу себебін анықтайды.

Электрондық хабарлар уақтылы алынбаған немесе олар болмаған кезде пайдаланушы Орталыққа хабарлайды.

98. Пайдаланушы күн сайын Орталық орындаған төлем хабарлары нәтижелерінің оның корреспонденттік шотынан үзінді-көшірме түріндегі ақпараттық хабар деректерінің жіберілген (келіп түскен) төлем хабарларымен салыстырып тексеру арқылы Ұлттық Банк ұсынған үзінді-көшірме түріндегі ақпараттық хабарда дұрыс көрсетілуі мониторингін жүзеге асырады. Орталықтан алынған үзінді-көшірме түріндегі ақпараттық хабардың сальдосы Ұлттық Банктің Орталық орындаған төлем хабарларының нәтижесін көрсететін үзінді-көшірме түріндегі ақпараттық хабарындағы жазбамен сәйкес келмеген кезде, пайдаланушы сәйкесіздіктер анықталғаннан кейін

Орталыққа және Ұлттық Банкке жазбаша түрде хабарлайды және келесі операциялық құннің ішінде олармен бірлесе отырып пайдалануышының орындалған төлем хабарларын тексереді.

#### **14-тарау. Жүйедегі тәуекелдерді басқару жүйесі**

99. Өтімділік тәуекелдерін, кредиттік және жүйелік тәуекелді анықтау, өлшеу және оның мониторингін жүргізу мақсатында Ұлттық Банк пен Орталық:

1) жүйеге бақылау (оверсайт), оның ішінде жүйенің халықаралық стандарттарға сәйкес жұмыс істеуін талдау және бағалауды;

2) Қағидалардың 53 және 61-тармақтарына сәйкес пайдаланушылардың позицияларын талдауды жүзегне асырады.

Жүйе қатысушыларының төлем жасауға қабілетсіздігін реттеу және Ұлттық Банк пен пайдалануши арасында жасалған шарттың негізінде кері сату талабымен бағалы қағаздарды сатып алу бойынша мәмілелер жасау арқылы Ұлттық Банктің пайдаланушыларға қосымша өтімділік беруі үшін өтімділік тәуекелін, кредиттік және жүйелік тәуекелдерді басқару мақсатында Қағидалардың 39, 49, 51, 52, 53, 54, 55, 59 және 60-тармақтарында көрсетілген әдістер қолданылады.

100. Операциялық тәуекелді анықтау, өлшеу, мониторингін жүргізу және басқару үшін мынадай әдістер пайдаланылады:

1) Ұлттық Банктің жүйені ұйымдастыруын және жұмыс істеуін бақылауды және қадағалауды Ұлттық Банк туралы занға сәйкес жүргізу;

2) пайдаланушиның Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14289 болып тіркелген "Төлем жүйелеріне қолжетімділікті қамтамасыз ететін ұйымдастыру шараларына және бағдарламалық-техникалық құралдарға қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 200 қаулысымен бекітілген төлем жүйелеріне қолжетімділікті қамтамасыз ететін ұйымдастыру шараларына және бағдарламалық-техникалық құралдарға қойылатын талаптарды орындаудын тексеру;

3) Орталықтың операциялық тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі құжаттарда айқындалған әдістерге сәйкес жүйенің бағдарламалық-техникалық кешенінің тұрақты мониторингін және үздіксіз жұмысын жүргізуі;

4) жүйе жұмысының ықтимал тоқтап қалу сценарилерін ескере отырып жүйе қызметін қалпына келтіру жоспарын өзекті жағдайда ұстau және Ұлттық Банктің Орталықпен бірлесіп жүйенің жұмысын негізгі орталықтан резервтік орталыққа ауыстыра отырып, осы жоспарды бір жыл ішінде кемінде екі рет тестіден өткізу;

5) резервтік орталықтың жұмысқа қабілеттілігін қамтамасыз ету;

6) жүйенің бағдарламалық-техникалық кешенінің жұмысында негізгі орталықта қалпына келтіруге келмейтін іркілістер мен тұрып қалулар орын алған кезде жүйенің жұмысын негізгі орталықтан резервтік орталыққа ауыстыру.

Ескерту. 100-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.11.2021 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

101. Орталық Ұлттық Банкпен келісім бойынша операциялық тәуекелді басқару бойынша, оның ішінде пайдаланушылар және басқа мұдделі тараптар жүйе үшін құрайтын тәуекелдерге қатысты құжат әзірлейді.

102. Тәуекелдерді басқарудың қолданылатын әдістерін талдауды Ұлттық Банк Орталықпен және пайдаланушылармен бірлесе отырып, екі жыл ішінде кемінде бір рет жүргізеді. Талдау нәтижелері бойынша тәуекелдерді басқару әдістерін сақтау немесе өзгерту туралы шешім қабылданады.

103. Пайдалануши қағидалардың талаптарын, қатысу туралы шарттың, жүйеде қызмет көрсету туралы шарттың талаптарын, Қағидаларды және Орталықта белгіленген ақпараттық қауіпсіздік шараларын бұзған, оның ішінде пайдаланушының зансыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүргізгендігі анықталған кезде Ұлттық Банк пайдаланушиға мына шаралардың біреуін қолданады:

1) қатысу туралы шартты бұзу не аралас шарттан қатысу туралы шарт (корреспонденттік шот шарты) талаптарын алып тастау және (немесе) жүйеде қызмет көрсету туралы шартты бұзу;

2) пайдаланушиның жүйеде қатысуын анықталған бұзушылықтар жойылғанға дейін тоқтата тұру.

Банкаралық ақша аударымдары  
жүйесінің жұмыс істеу  
қағидаларына қосымша  
Нысан

---

Ұлттық Банктің пайдаланушиның  
атауы Пайдаланушиның корреспонденттік шотынан Ұлттық Банктегі жүйенің шотына ақша  
аударуға тұрақты қолданыста болатын нұсқау № \_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ жылғы "\_\_\_\_"

---

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.11.2019 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Осы арқылы № \_\_\_\_\_ корреспонденттік шоттан \_\_\_\_\_ мөлшеріндегі ақшаны жүйедегі позицияға одан әрі аудару үшін Ұлттық Банктегі жүйенің № \_\_\_\_\_ шотына күнделікті аударуды тапсырамыз.

Басшы немесе қол қоюға уәкілетті тұлға

\_\_\_\_\_ тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

қолы

Бас бухгалтер

---

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК